

**ШҚО ББ Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 45 орта бейіндік мектебі» КММ
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижесі**

I. Кіріспе

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні: «№45 орта бейіндік мектебі» КММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар атқару және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.
2. 05.11.2025 №501-Ө мектепшілік бұйрық негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді:
3. Мекеме реквизиті: «№45 орта бейіндік мектебі» КММ, Өскемен қаласы, Сәтпаев данғылы 3/1 тел./факс: 8(7232) 61-75-36, e-mail: 45_mektep_oskemen@vko.edu.kz
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі: басталды 10.11.2025 ж., аяқталды 12.11.2025 ж.
5. Бақыланатын кезең: 01.11.2024-31.10.2025 ж.

II. Ақпараттық-талдамалық бөлім.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны: 2024 қараша- 2025 қазан аралығында: – 5 қызмет, 473 адамның жүгінуіне байланысты.

- 1 қызмет «Құжаттарды қабылдау және мектепке тіркеу» - 304 адам.
- 2 қызмет «Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт мектепке келе алмайтын, жеке үйден тегін оқитын балалардың құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру» - 3.
- 3 қызмет «Мектеп оқушылары мен тәрбиеленушілерінің жеке санаттағы тегін тамақтану және жеңілдікпен тамақтандыруға ұсыну» - 2025 жылы: 83 бала.
- 4 қызмет «Аз қамтылған отбасындағы балалардың қала және мектеп жанындағы демалыс орындарына жолдама беру және құжаттарын қабылдау» - 75
- 5 қызмет «Негізгі орта білім, жалпы орта білімі туралы құжаттарының көшірмесін беру» - 8 адам.

Персоналды басқару: 2024 ж. қараша- 2025 ж. қазан аралығында - 21 адам қабылданып, өз еріктерімен 14 адам жұмыстан босатылған.

Тексеру қорытындысы бойынша - 2 тәртіптік жаза.

Рұқсат беру функциялары - жоқ.

Бақылау функциялары : жоқ.

Мемлекеттік сатып алу бойынша: 110 сатып алу жүргізілді, оның ішінде : бір жерден тікелей келісім-шарт жасасу арқылы- 27, ашық конкурс – 1, баға ұсыныстарын ұсыну арқылы- 35, электронды дүкен-23, өткізілмеген сатып алулар бойынша бір дереккөз-24, біржақты тәртіпте бұзылған шарт саны- 0, заң бұзушылық - жоқ. Қаржы шаруашылық істерінің тексеру актілерінің қорытындысы бойынша, (кінәлі адамдарды тарту) – 2024-2025 оқу жылы мемлекеттік сатып алу заң нормаларын тексеру болған жоқ.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2016 жылғы қазан 19-ғы заңы, Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ, «Нұр Отан» («AMANAT») партиясының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасы және нормативті құжаттар әкімшілік отырыста, педагогикалық ұжым арасында, сынып жетекшілер отырысында, ата-аналар жиналыстарында кеңінен түсіндіріліп, талқыланды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениет пен оны жуытпайтын иммунитет қалыптастыру мақсатында оқушылар арасында тақырыптық сынып сағаттары, құқықтық сабақтар, ата-аналар оқулары өткізілді. Ата-аналарға, оқушыларға арналған «Сенім жәшігі» айына бір рет тексеріліп отырылды. «Сенім жәшігінде» ата-аналар мен оқушылар тарапынан ешқандай арыз, шағымдар болған жоқ. «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ!» тақырыбында ақпараттық стенд толықтырылды. Департаменттің «сенім телефоны» ақпараттық құралдарға орналастырылды. «Адал ұрпақ» оқушылар ұйымы тарапынан әр-түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму

тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық - бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес. Сондықтан, бұл індетке бірлесе қарсы тұруымыз керек. Ол үшін мектеп қабырғасынан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы» түсіндіре отырып, оқушыларды адал жолмен жүруге, адалдыққа үйретуге, өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарауға және әділдікке тәрбиелеуге тиіспіз!

2024ж. қараша-2025ж. қараша аралығында мектебімізде Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты ұйымдастырылған тәрбиелік іс-шаралар:

19.11.24 "Академиялық адалдық туралы бірер сөз" атты сынып сағаты. Сынып: 8 "Б", Сынып жетекшісі: Чакенова А.

<https://www.instagram.com/reel/DCk7sqeK0oq/?igsh=MTlkemhwNDJxbWNhMQ==>

29.01.25 Біз жемқорлыққа қарсымыз!" атты "Адал ұрпақ" клубы мүшелерінің акциясы. Жетекшісі: Касенов А. Б.

<https://www.instagram.com/reel/DFaCQOOMFXq/?igsh=dXBmNWtyc2VqOHBj>

22.02.25 күні Ашық тәрбие сағаты. Тақырыбы: "Әділдік және жауапкершілік" Сынып: 5 "А" Сынып жетекшісі: А. Сағатбекова

08-19.09.25 аралығы «Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы ұстаз және қауіпсіз мектеп» тақырыбында 1-11 сыныптардың ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды;

<https://www.instagram.com/p/DGYcgQMMB7d/?igsh=MWJlbHd5dzRrY2p0Zw==>

<https://www.instagram.com/reel/DOd5GQeIKqD/?igsh=NmN2Yml6MWt0Zmpp>

https://www.instagram.com/reel/DOiV_b4iNwj/?igsh=MXNqYXBucTgyMW01ZA==

<https://www.instagram.com/reel/DOicBPnCBwR/?igsh=MnVvc2d3OWt2MXB1>

17.10.25 ж. «Бүгінгі заманның құндылығы неде?» тақырыбында Шакимова Т.Қ. ұйымдастыруымен дебат клубының пікрталасы өтті;

<https://www.instagram.com/p/DP6yR4wiIq/?igsh=ZTBudmtzM2wza29q>

10.11.25 ж. 5-11 сыныптарда «Адалдық-адамдықтың биік белгісі» тақырыбында апталық жиын ұйымдастырылды. <https://www.instagram.com/reel/DRT14vIldi0/?igsh=NWJnNTVvazJzcHg2>

10-14.11.25 ж. аралығы 1-11 сыныптарда «Адалдық-асыл қасиет» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары ұйымдастырылды;

<https://www.instagram.com/reel/DRT1ZwwDct9/?igsh=MXVxa3BkdG4wOXJxaQ==>

19.11.25 ж. 10 «а» сынып жетекшісі Ажуметова Ж.Б. ұйымдастыруымен «Адал-азамат, адал-еңбек, адал-табыс» тақырыбында ашық сынып сағаты ұйымдастырылды;

<https://www.instagram.com/reel/DRTx99-DBCJ/?igsh=MnZzc3BobTN6NHp6>

2025 жылғы қараша айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді. Мектепте Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл» заңын орындау мақсатында мектеп директорының №384-Ө 02.09.2025 ж. бұйрығы шығып, төмендегі құрамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасау комиссиясы құрылды:

Серикбаева А.Е.-кеңес төрайымы, мектеп директоры;

Кабдуалиева А.К.-төрайым орынбасары, мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;

Мүшелері:

Аманбаева А.М.- мектеп директорының әлеуметтік жұмыстар бойынша орынбасары;

Каратаева К.К.-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

Аманжолова А.К.-директордың бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасары;

Дюзкенева Б.Ж.- кітапхана меңгерушісі, хатшы

Адиқанова С.С.– мектептің «Қамқор» кеңесінің төрайымы;

Даутова З.Т. – педагог-психолог

Даутова Г.Н.-бас есепші

Кеңес отырысында сыбайлас жемқорлыққа жол беретін тәуекел түрлері анықталып, олардың тізбесі жасалды. Осы тәуекелдер тізбесіне қарсы бағытталған іс-шаралар жоспары жасалып, оның орындалу жағдайы жүйелі түрде кеңес отырысында қаралып, талқыланып

отырылды. Бірінші мысал, мектеп ішінде әр-түрлі шешімдерді әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсетуге жол берілмеді. Барлық педагогикалық кеңес пен директор алдындағы отырыстар шешімі ұжымда талқыланып, көпшіліктің ұсынысымен қабылданатыны анықталды. Шығарылатын бұйрықтар Қазақстан Республикасының заңдары мен өкілетті ұйымдардың нормативті құжаттары негізінде жазылған.

Екінші бір мысал, мұғалімдер аттестациядан өткен кезде аттестациялау құрамынан таныстар іздеу. Осы сұрақ төңірегінде мониторинг жүргізіліп, нәтижесінде мектептің арнайы аттестациялық комиссиясы өз жұмысын Қазақстан Республикасының Білім Заңы және мұғалімдерді аттестациядан өткізу ережесіне сәйкес жүргізіп отырғаны анықталды.

Үшінші мысал, мектепте әр-түрлі себеппен заңсыз ата-аналардан ақша жинау тәуекелі. Бұл сұраққа байланысты арнайы мектеп директорының №02.09.2025 ж. №373-Ө «Ақша жиюға тыйым салу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау туралы» бұйрығы шығарылып, барлық ұстаздар мен ата-аналар арнайы ескерту парағына қолдары қойылған. Ақша жиюға тыйым салу туралы бұйрық 12.03.2025 күні мектеп сайтына, инстаграмм парақшасына салынды,

<https://www.instagram.com/p/DHGLfG9MAbx/?igsh=MW03MDRIMGE0d3k40A==> сәуір айындағы мектептің жалпы ата-аналар жиналысының күн тәртібінде білім беру ұйымдарында заңсыз қаражат жинамаудың алдын-алу бойынша сұрақ қарастырылды <https://www.instagram.com/p/DJ0zqAaM44J/?igsh=MXd4dWg5dDQxaGloaw>.

Қалған әр-бір сыбайлас жемқорлықтың болуына жол беретін тәуекелдерге қарсы бағытталған іс-шаралар жоспарының орындалуы жүйелі түрде кеңес отырыстарында қаралып, талқыланды. Көрсетілген кезеңде, сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдер анықталмай шықты, мектепте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар жоқ. Мектеп қызметкерлері мен ата-аналардың өтініштері үнемі бақыланады. Өтініш түсіп, жатқан жағдайда қарастыру мерзімдері сақталады, қарастырылмай, жауап берілмей қалған өтініштер жоқ. Тексеру жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық жауапкершілігіне тартылған, теріс қылықтары және Әдеп кодексінің нормаларын бұзған оқиғалар бойынша жұмыстан босатылған тұлғалар тіркелген жоқ.

III. Қорытынды бөлім

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты мектептің сайтына жүйелі түрде орналасуын қамтамасыз ету.
2. Заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының талаптарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа ала отыра жұмыс жасау.
3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты болдырмау бойынша іс-шараларды күшейту, азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көріністерін жариялап сынап отырып, оған деген табанды иммунитетті қалыптастыруға қатысу.
4. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау іс-шараларын іске асыруда құқық қорғау ұйымы қызметкерлері, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы департамент қызметкерлерімен бірлескен іс-шаралар жүргізу.
5. Мектеп басшылығының педагогикалық ұжым мен ата-аналар алдында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг қорытындысын баяндап отыру.

Комиссия мүшелері:

Кабдуалиева А.К.

төрайым орынбасары, мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;

Аманбаева А.М.

мектеп директорының әлеуметтік жұмыстар бойынша орынбасары;

Каратаева К.К.

директордың бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасары;

Аманжолова А.К.

директордың бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасары;

С.С.Адиқанова

мектептің «Қамқор» кеңесінің төрайымы;

Даутова З.Т.

педагог-психолог

Даутова Г.Н.

бас есепші

Дюзкенева Б.Ж.

кітапхана меңгерушісі, хатшы

Таныстым:

Мектеп директоры:

12.11.2025 ж.



А.Е.Серикбаева